

Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары шекара маңындағы аудандарының тұрғындары арасында қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы түсіндіру жұмысын жүргізу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2002 жылғы 7 қараша N 172-ө

1. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары шекара маңындағы аудандарының тұрғындары арасында қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы түсіндіру жұмысын жүргізу және туындаған мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Жағанова	- Қазақстан Республикасының
Алтыншаш Қайыржынқызы	Көші-қон және демография
	жөніндегі агенттігінің төрайымы,

жетекші

жұмыс тобының мүшелері:

Атанов	- Қазақстан Республикасы Сыртқы
Мұрат Марданұлы	істер министрлігінің Ерекше
	тапсырмалар бойынша Елшісі

Қаратаев	- Қазақстан Республикасы Сыртқы
Сұлтанбек Өмірбекұлы	істер министрлігінің
	Халықаралық-құқықтық департаменті
	мемлекеттік шекара бөлімінің

екінші хатшысы

Ерімбетов	- Қызылорда облысы әкімінің
-----------	-----------------------------

Нұрлан Кенжебекұлы	орынбасары
--------------------	------------

Жылқышиев	- Оңтүстік Қазақстан облысының
-----------	--------------------------------

Болат Әбжаппарұлы	әкімі
-------------------	-------

Отто	- Қазақстан Республикасының
------	-----------------------------

Иван Иванович	Ішкі істер вице-министрі
---------------	--------------------------

2. Жұмыс тобы 2002 жылғы 15 қарашаға дейінгі мерзімде Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары шекара маңындағы аудандарының тұрғындары арасында қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы түсіндіру жұмысын жүргізсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныстарын енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Ә. Мұхаметжановқа жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК